

Бірінші Май ауылдық округі Бекболат, Сауыншы ауылдарындағы жаңа көшелеріне ат қою туралы

Алматы облысы Қарасай ауданы Бірінші Май ауылдық округі әкімінің 2012 жылғы 03 қыркүйектегі N 9-60 шешімі. Алматы облысының Әділет департаментінде 2012 жылы 17 қыркүйекте N 2104 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылыс туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Қарасай аудандық қоғамдық ономастика комиссиясының келісімі және Бірінші Май ауылдық округінің халқының пікірін ескере отырып, Бірінші Май ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Бірінші Май ауылдық округі Бекболат ауылының оңтүстік батысында орналасқан жаңа көшелерге: бірінші көшеге - Болашақ, екінші көшеге - Көкжиек, үшінші көшеге - Ұйтас, төртінші көшеге - Бәйтерек, бесінші - Үшқоңыр, Бекболат ауылының оңтүстік шығысында орналасқан жаңа көшелерге: бірінші көшеге - Бұрған, екінші көшеге - Көктөбе, үшінші көшеге - Қасқасу, төртінші көшеге - Таусамалы, бесінші көшеге - Жаңалық, алтыншы көшеге - Талапкер, жетінші көшеге - Ұлттар достығы, сегізінші көшеге - Алатау, тоғызыншы көшеге - Айдарлы, оныншы көшеге - Еңбек, Бекболат ауылының солтүстік шығысында орналасқан жаңа көшеге: бірінші көшеге - Майбұлақ. Сауыншы ауылының батысында орналасқан жаңа көшелерге: бірінші көшеге - Ардагерлер, екінші көшеге - Омарта, үшінші көшеге - Нұрлытау, төртінші көшеге - **Б н т ы м а қ а т т а р ы қ о й ы л с ы н .**

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Б і р і н ш і м а й а у ы л д ы қ
округінің әкімі *М. Қарнақов*